

## USCIRF—RECOMMENDED FOR SPECIAL WATCH LIST

АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы (USCIRF) - шетелде дін немесе сенім бостандығын бақылайтын тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясы қолдау көрсететін федералдық үкімет комиссиясы. 1998 жылы Халықаралық діни бостандық актісімен (IRFA) құрылған USCIRF шетелде діни бостандық немесе сенім бұзушылықтарын бақылау үшін халықаралық стандарттарды қолданады және президентке, мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар жасайды. USCIRF - АҚШ мемлекеттік департаментінен бөлек және айырым бір ұйым. 2021 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянаттар мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2021 жылғы Жылдық есеп беру 2020 жылдың қаңтарынан бастап 2020 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кей жағдайларда бұл мерзімге дейін немесе кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген. USCIRF туралы толығырақ ақпаратты [осы](#) вебсайттан қараңыз немесе USCIRF кеңсесіне тікелей 202-523-3240 нөмірі арқылы хабарласыңыз.

### ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2020 жылы Қазақстандағы діни бостандық жағдайлар жақсаруын жалғастырды. Үкімет АҚШ-тағы әріптестерімен сұхбаттасу барысында дінге деген ұстанымын реформалауға дайын болды; 2019 жылы президенттік қызметін бастаған президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халықаралық діни бостандық жөніндегі көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылғаны анық байқалды. Ақпан айында мемлекеттік қызметкерлер азаматтық сарапшылар және USCIRF-пен бірге, АҚШ лауазымды тұлғаларының қатысуымен Вашингтондағы (Колумбия аймағы) АҚШ мемлекеттік департаментінде өткен екінші АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобына қосылды. Қазақстан үкіметінің өкілдері алдағы екі жыл бойынша діни заңнамалар мен қадағалау реформасына арналған “жол картасын” ұсынды және АҚШ тарапының ұсыныстары мен мәселелеріне жауап берді. Қараша айында виртуалды өткен үшінші жұмыс тобы Қазақстан үкіметі жол картасының жаңартылған нұсқасын және оны іске асырудың болжамды мерзімін ұсынды.

Қазақстанда мәселе туғызған заңнама 2020 жылы өз күшінде қалды, бірақ алдағы жылы маңызды реформалар болуы мүмкін. Бұл реформалар тіркеу процесін жеңілдетуді және тіркеу кезінде қажет құрушы мүшелерінің санын қысқартуды, діни іс-шараларға ресми келісімнің болуын алып тастауды, діни құжаттарға сараптамалық шолуды жоюды және тіркеуден бас тартылған жағдайларда шағымдардың процесін жүзеге асыруды қамтуы мүмкін. Мұндай реформалар, егер қабылданса, Қазақстанның діни бостандыққа қатысты жүйелі шектеулерін едәуір төмендетер еді. COVID-19 вирусы тарағанға дейін, мемлекетте 2020 жылы басқа жағымды көрсеткіштер қатарына жыл басында ел астанасы Нұр-Сұлтанда діни бостандық бойынша деңгелек үстел өтті. Сонымен қатар, үкімет Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен халықаралық діни бостандық бойынша жұмыс жасайтын Love Your Neighbor Community

(LYNC) үкіметтік емес ұйымының (ҰЕҰ) бірлескен күшімен осындай кездесулерді бүкіл Қазақстан бойынша тұрақты түрде шақырып отыруға ниетті екенін мәлімдеді. Сонымен қатар, діни құқық бұзушылықтар бойынша [әкімшілік қудалану](#) саны [төмендеуін жалғастырды](#), яғни, 2019 жылы 160-тан 2020 жылы 131-ге жетті, бұл 2018 жылы 171 және 2017 жылы 284 болған саннан төмендеген.

Осы назар аударарлық жақсаруларға қарамастан, Қазақстанда діни бостандықтың бұзушылықтары мен қиянат жасау туралы айыптаулардың орын алуы жалғасты. Мұндай жүйелі және үздіксіз бұзушылықтардың негізгі себебі діни бостандықты шектейтін заңнама болды. 2011 жылғы дін туралы заң қабылданғанға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін немесе сенім бостандығына қатысты ең төмен репрессивті елдердің бірі ретінде көрінді. Алайда бұл заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатты және тіркелмеген діни қызметке, соның ішінде білім беруді ұсыну, әдебиетті тарату және діни адамдарды оқытуға тыйым салды. Басқа анық емес қылмыстық және әкімшілік жарғылар рұқсатсыз діни немесе саяси белсенділікті жазалауға мемлекет мүмкіндік береді және содан бері діни топтар тұрақты және үздіксіз мемлекеттің қадағалауына алынды. Тіркелген діни топтардың жалпы саны 2011 жылғы заңнан кейін күрт төмендейді, әсіресе “дәстүрлі емес” діни ұйымдар 48-ден 16-ға төмендеді. Мемлекеттік сарапшылар өтініш беруші топтардың шағымдануға мүмкіндігі жоқ жабық процесте тіркеуден бас тарта алады. Мысалы, саентологтарға 2012 жылдан бері дін мәртебесі берілмей келеді, ал Ахмади-мұсылмандары өз қауымдастығы атауынан «мұсылман» сөзін алып тастамайынша ресми тіркеуден өте алмайды. Барлығы үшін діни бостандықты қорғауға арналған нақты құқықтық құрылым болмайынша, мұндай қиянаттар орын алуын жалғастырып, жалпы жағдай тағы да нашарлауы мүмкін.

## АҚШ ҮКІМЕТІНЕ ҰСЫНЫСТАР

- “Халықаралық діни бостандық туралы” Заңына (IRFA) сәйкес діни бостандықтың бұзылғандығы үшін немесе оған жол бергені үшін Қазақстанды Мемлекеттік департаменттің арнайы бақылау тізіміне қосу;
- АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобы арқылы Қазақстан үкіметімен бірге өзара жұмысты жалғастыру және Қазақстан үкіметінен келесілерді талап ету:
  - Діни тіркеу туралы заңдарды жою немесе өзгерту, соның ішінде құрушы мүшелерінің қажетті санын 10 тұлғадан аспайтын мөлшерде орнату;
  - Құрылтай құжаттары мен діни әдебиеттерге міндетті сараптамалық тексеріс жасауды тоқтату немесе процесті барынша айқын ету үшін айтарлықтай деңгейде реформалау;
  - Азаматтардың бейбіт діни көзқарастары мен іс-әрекеттеріне байланысты қамауды және үкім шығаруды тоқтату;
  - Діни бостандықты бұзғаны үшін жергілікті лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту; және
  - 2021 жылы жақында құрылған Діни бостандық деңгелек үстелдерімен бірлесе отырып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін барлық сенім өкілдеріне ашу; және
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және тиімді басқаруды дамыту бойынша кеңейтілген бастамалар шеңберінде Қазақстандағы АҚШ Халықаралық даму агенттігінің (USAID) миссиясы арқылы құқық қорғау органдары мен жергілікті лауазымды адамдарға діни бостандық бойынша тренингтер өткізу.

## USCIRF НЕГІЗГІ РЕСУРСТАРЫ МЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

- *Сот отырысы:* [Ресейдегі және Орталық Азиядағы діни бостандық](#)
- *Басылымды жаңарту:* [Ресейде және бұрынғы Кеңес Одағында ғибадатқа қарсы қозғалыс және дінді бақылау](#)

## Мағлұматтар

Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет, ал халық саны бойынша екінші орында - [шамамен 19 миллион халықтың](#) Отаны. Тұрғындардың шамамен 70 пайызы сүнниттік мұсылман, 26 пайызы христиан (оның ішінде православиелік христиандар, протестанттар, католиктер және Иегова куәгерлері), 3 пайызы басқалар (еврейлер, буддистер, беһаизмді ұстанушылар және Харе Кришналар) және 1 пайыздан төмені шиит мұсылмандары, олардың көбі этникалық әзірбайжандар. Барлығы 3826 ресми тіркелген діни бірлестік Қазақстандағы 18 діни топты және 3597 тіркелген ғибадат орнын құрады. Халқының шамамен үштен екісі этникалық қазақтар — түркі халықтарының тобы — ал қалғандары этникалық славяндар және өзбектер мен ұйғырлар тәрізді басқа түркі халықтары. Қазақстан - этникалық орыс халқы көп орналасқан, әсіресе солтүстік аймағында, Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет.

Үкімет ашық түрде зайырлы және оны тұрақсыздандырушы күш ретінде қарастыратын дінді басқаруға тырысады. Ол сүнниттік исламдық заңнаманың «дәстүрлі» ханафи мазхабының мектебіне қолдау көрсетеді және оған артықшылық береді; мұсылман әлемінен кеңірек туындайтын басқа исламдық тәжірибелерге сақтықпен қарайды.

Православие христиандығы, римдік католик діни және иудаизм тәрізді дәстүрлі және қауіп төндірмейтін басқа діндерді үкіметтің ұзақ уақыттан бері қалыптасып келе жатқан және жақсы қарым-қатынастары ретінде жіктейді, ал евангелистік христиандық және саентология сияқты аймаққа жаңадан келуші діндерге күдікпен қарайды. Үкімет діни экстремизмнің таралуына, әрі оны кең ауқымда анықтайды және саяси оппоненттерге мақсаттау үшін пайдаланады, сондай-ақ прозелитизм мен миссионерлік қызметтен әлеуметтік тәртіпсіздік туу ықтималдығына ерекше алаңдаушылық білдіреді. Үкіметте экстремистік зорлық әрекеттерге қатысты заңды алаңдаушылықтары болғанымен, үкіметтің діни экстремизмге қатысты бұлыңғыр ұғымы тіпті жеке діни тәжірибе мен құрылымды әлеуетті бұзушылық болуы мүмкін деп қарастыратын кез келген зорлықсыз әрекетке қолданылады.

## Қазіргі қиындықтар

Әкімшілік айыптаулардың саны төмендесе де, 2020 жылы діни азшылықтар әлі де мемлекеттік органдардың қорқыту тактикасы, соның ішінде басқыншылық тергеулер, жазалау, қадағалау және мерзімді қамаумен қорқыту әрекеттері туралы [мәлімдеді](#). Үкімет бірнеше протестанттық шіркеулердің

меншігін [тәркіледі](#), діни бостандық пен адам құқықтарын көңірек болуын қолдайтын топтар ресми [қудалау науқандары](#) мен [айыппұлдарға](#) ұшырады, ал бейбіт діни азшылықтар [экстремистер](#) ретінде қудаланды. Мысалы, мамыр айынан бастап Адам құқығы мен заңдылықтың сақталуы жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы (АҚМЗСЖҚХБ) және басқа да ҰЕҰ-дар келісілген үкіметтің [қудалау науқанына](#) тап болды, оларды шетелдік мүдделердің нұсқауымен елді тұрақсыздандыруға тырысты деп айыптады. Евгений Жовтис, АҚМЗСЖҚХБ директоры, ресми діни саясатты жиі және қатты сынап тұрады; ол қазан айында жеке тұлғаның діни сенім мен наным бостандығына құқығының барлық шектеулері Қазақстан Конституциясын айқын түрде бұзады деп [мәлімдеді](#). Сонымен қатар, Нұр-Сұлтандағы саентологтар мүшелері «профилактикалық консультацияларға» қатысуы керек болғанын, онда оларды қорқытқанын және саентологияны жоққа шығаратын және бас тартатын мәлімдемеге қол қоюға бұйырғаны туралы мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлық, әсіресе жергілікті деңгейде, діни бостандыққа кедергі келтіретін тұрақты мәселелердің бірі болып қала берді; мысалы, кейбір діни топтар жергілікті лауазымды тұлғалардың бопсалау немесе пара алу әрекеттері туралы хабарлады. Жергілікті полицияның [пара талап етуі](#) ақпан айында болған қанды қақтығыстардың себепті факторы болғандығы туралы хабарланды, ашуланған қазақ жиыны қытайлық мұсылман азшылығы, этникалық [дұнған](#) қауымын нысанаға алды. Ресми діни саясат бұл қақтығыстарға қазақтың ұлттық болмысын ханафи мазһабымен байланыстыру және «шетелдік» исламды экстремизммен теңестіру арқылы [ықпал еткен](#) болуы мүмкін; осылайша, үкімет дұңғандар сияқты діни және этникалық азшылықтарға қарсы ортаны қалыптастыруға көмектескен болуы ықтимал.

## Шыңжаңнан келген этникалық қазақ босқындар

Қытай коммунистік партиясы көптеген этникалық қазақтарды ұйғыр мұсылмандарымен бірге Қытайдың Шыңжаң аймағындағы орасан зор концлагерьлеріне қамады. Осы дағдарысқа ішінара жауап ретінде Президент Тоқаев мамыр айында Қазақстанның көші-қон туралы заңына қол қойды, бұнда заңды резиденттікті және Шыңжаңнан келген қазақ босқындарының азаматтығын алуды жеңілдету үшін күш-жігердің бөлігі ретінде этникалық [қазақ мигранттарын](#) *оралман* сөзінен *қандас* деген терминге өзгертті. Қазан айында Шыңжаңнан қашып, Қазақстанға заңсыз кірген төрт этникалық қазаққа уақытша [босқын мәртебесі](#) берілді, бұл саясаттың ілгерілеуін көрсетеді. Соған қарамастан, Бейжің мен Нұр-Сұлтан арасындағы қарым-қатынас жақын болып қалды; тамызда Қытай елшісі екі ел арасындағы әскери ынтымақтастықты жоғары бағалап, [экстремизммен күресу](#) үшін өзара күш-жігерді нығайтуға уәде берді. Бұл мәлімдеме Қытайдың Қазақстандағы қауіпсіздік саясатындағы ықпалы

мен Қытайдың Шыңжаңда қолданып жатқан экстремизмге қарсы кеңейтілген тактикасының таралу ықтималдығы туралы алаңдаушылықты күшейтті.

## НЕГІЗГІ АҚШ САЯСАТЫ

Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан 2020 жылы тығыз серіктестік қарым-қатынаста болды, оның ішінде діни сенім бостандығы жөніндегі АҚШ-Қазақстан жұмыс тобының екі отырысы өтті. Ақпан айында бұрынғы мемлекеттік хатшы Майкл Р.Помпео екі ел арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мәселесін талқылау үшін Қазақстанға келді және президент Тоқаевпен [кездесті](#). Сол кездегі хатшы, сонымен қатар, Сирия мен Ирактан келген азаматтарды реинтеграциялау ісіндегі Қазақстанның көшбасшылығына тәнті болды және көршілес Шыңжаңдағы жағдайға алаңдаушылығын білдірді. АҚШ үкіметі [көмекке](#) 6,2 миллион АҚШ долларын берді, оның ішінде COVID-19-бен күрес үшін елдегі күш-жігерге қолдау көрсетуге қажетті зертханалық құрылғы мен жабдықтар бар. Сонымен бірге, USAID Қазақстандағы азаматтық қоғамды, тиімді басқаруды және адам құқықтарын дамыту бағдарламаларын, оның ішінде Қазақстан үкіметі мен [азаматтық қоғам](#) ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және реформалар бойынша серіктестіктерді қолдауын жалғастырды. Қараша айында, сол кездегі Білім және мәдениет істері жөніндегі [мемлекеттік хатшының көмекшісі](#) Мари Ройс Қазақстанға сапары кезінде Шыңжаңнан келген қазақ және ұйғыр босқындарымен кездесті. Сонымен қатар, ол мемлекеттік қызметкерлермен білім және мәдениет саласындағы [екіжақты қатынасты](#) талқылады.